

Тексерілді: 
Әдіскер А.К.Керубайева

«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру циклограммасы

Білім беру ұйымы: МКҚК «Балапан» МДҰ
Топ: «Балдырған» ересек тобы «Балбөбек» ортаңғы тобы
Балалардың жасы : 3-4 жастағы балалар
Жоспардың құрылу кезеңі 01-05 мамыр айы 2022-2023 оқу жылы

Апта күні	Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Баламен жеке жұмыс	Қазақ тілі бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы
Жұма 05.05.2023ж. «Балбөбек» ортаңғы тобы	<p>Бұл менің Отаным – Қазақстан. Ғажайып сәт. (Қонаққа Алаң келеді) өз білгенімен бөліседі. Көркемсөз. Болса да қаншама ел әлемде, Қазақстаным өзіңе тең келер ме! Қазақстан - елім, жерім, отбасым, Қазақстан - далам, шөлім, тау-тасым! Қазақстан - ұлт достығы мекені, Жайнасыншы шынға шығып ертені! Артикуляциялық жаттығулар. (Ұ, Ү дыбыстарына арналған) «Күлу», «Ине», «Әткеншек», «Кесе», «Тәтті тосап» (жоғарғы тісті жалау), «Тістерді тазалаймыз», «Аттар», «Сылақшы». Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранының аудиожазбасын тыңдау. Қазақстанның мемлекеттік рәміздерімен таныстыру. «ҚР Мемлекеттік рәміздері» бейнеролигін көрсету. Қазақстан туралы бейнеролик (слайд) көрсету. Қазақстан туралы әңгіме. «Отан деген не екен?» жаттығуы. Педагог балалардан «Отан не деп ұғынасың?» деп сұрайды. Балалар қайталайды. Естеріңе сақтап мұғалімгесол сұрақты қояды. Педагог сұрақтарына жауап береді. «Отан» сөзін мен қалай ұғынамын? (Балалар.) Көк аспаным, арайлап атқан таңым. (Педагог.) «Отан» сөзін мен қалай ұғынамын? (Балалар.) Алтын астық, бидай менен ыстық наның. (Педагог.) «Отан» сөзі оттай ыстық, туған жерім, (Педагог.) Біз тұратын қала, ауыл - құт мекенім! (Педагог.) «Отан» біздің отбасымыз қымбатты, (Барлық балалар педагогпен қосылып айтады.) Отанында тұрған адам бақытты! (Барлық балалар педагогке қосылып айтады.) Ал енді орын ауысады. Мен сендерден: «Отан деген не екен?» деп сұраймын. Сендер жауап бересіңдер. Мен сендерге көмектесемін.</p>	д/о. Максаты: балалардың сөздік қорын молайту, ойдан сөйлемдер құрау, мәтінге тақырыптың қою, жылдам ойлануға дағдыландыру. Ойын шарты: балаларға бірнеше суреттер беріледі, ойдан сөйлем құрап, тақырыбын қояды.	Мақал: «Өз елің - алтын бесігің»

	<p>Сергіту сәті. «Отан деген не екен?» Орташа темптегі ырғақты әуен қосылады.</p> <p>«Отан» сөзін мен қалай ұғынамын? (алақандарын жоғары көтеру)</p> <p>Көк аспаным, арайлап атқан таңым. (аяқтарының ұшына тұрады, колдарын жоғары созады)</p> <p>«Отан» сөзін қалай ұғынамын? (алақандарын жоғары көтеру)</p> <p>Алтын астық, бидай менен ыстық наным. (колдарын екі жаққа ашу, денесін оңға және солға теңселту)</p> <p>«Отан» сөзі оттай ыстық, туған жерім, (алақандарын екі жаққа ашу, өздерінің иықтарын құшақтау)</p> <p>Біз тұратын қала, ауыл - құтты мекенім! (алақандарын жоғары көтеру)</p> <p>«Отан» біздің отбасымыз қымбатты, (алақандарын жоғары көтеру, үлкен шеңбер жасау, қайта түсіру)</p> <p>Отанында тұрған адам бақытты! (қасында тұрған баламен кол ұстасып айналу)</p> <p>«Мәтін құрайық» дидактикалық ойыны.</p> <p>Ойын мақсаты: балалардың сөздік қорын молайту, ойдан сөйлемдер құрау, мәтінге тақырыптың қою, жылдам ойлануға дағдыландыру.</p> <p>Ойын шарты: балаларға бірнеше суреттер беріледі, ойдан сөйлем құрап, тақырыбын қояды.</p> <p>Еске сақтауға арналған сөздік жаттығу «Еске сақта».</p> <p>Мақал: «Өз елің - алтын бесігің»</p> <p>ҚОРЫТЫНДЫ: сұрақ-жауап, мадақтау.</p> <p>Күтілетін нәтиже: қазақ тілінің ерекше дыбысы «Ү, Ұ» дыбысын жеке және сөз ішінде дұрыс, анық айтады. Қазақстан туралы қазақ тілінде айтылған сөздерді тыңдайды және түсінеді; Шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді. Жаңа сөздерді байланыстырып сөз тіркестерін құрайды</p>		
<p>Жұма 05.05.2023ж.</p> <p>«Балдырған» ересек тобы</p>	<p>«Қ» және «Ғ» дыбыстарын ажыратайық.</p> <p>Жаттығу «Кел, сәлемдесейік!».</p> <p>Тіл ұстарту жаттығулары.</p> <p>Қар – қар – қар – ға – ға – ға. Қарға. Ға- ға –ға. Қағу үшін керек балға.</p> <p>Ға – ға – ға. Ұшып келді қарға. Ақ – ақ – ақ. Өседі ағашта жаңғақ.</p> <p>Ға – ға – ға. Қарқылдаған қарға. Ғыш – ғыш – ғыш. Ағаш сызғыш.</p> <p>Ға - ға - ға. Атқа тақты таға.</p> <p>Фонематикалық қабылдауын дамыту. «Кім зейінді?» ойыны.</p> <p>Дыбыстардың сөздің басында, ортасында, аяғында кездесуін байқау.</p> <p>Педагог [-қ], [-ғ] дыбыстары бар сөздерді айтады. Сол дыбыстардың сөздің басында, ортасында, аяғында кездесуін қолдарындағы сандар арқылы көрсетіп отырады.</p> <p>Мысалы: қар, жұмыртқа, қант, асық, ғарыш, тоғыз, бақа, торғай, тақта, сауысқан, бағдаршам, ғаламтор, сандық, қоржын, мұғалім, сызғыш, сабақ, балабақша, шағала.</p>	<p>Қарама-қарсы мағыналы сөздер жұбын құрауға арналған сөздік жаттығу.</p> <p>«Керісінше айт».-</p> <p>Жақсы - жаман. -</p> <p>Суық - ыстық. -</p> <p>Баяу - жылдам. -</p> <p>Қорқақ - батыл. -</p> <p>Аз – көп - Күн - түн. - Қыс - жаз. -</p> <p>Алыс - жақын. -</p>	<p>Достық жайлы мақалдар айту.</p>

<p>[-к], [-г] дыбыстарын сөздерде ажырату. Таға – тақа, гашық – қашық, галам – калам, камыр – гұмыр, галым – калың, карыш – гарыш.</p> <p>«Достық» ертегісі. Ертегі желісі бойынша суретпен жұмыс. Ертегі мазмұны бойынша рөлдерге бөлініп сахналау.</p> <p>«Допты қағып ал» ойыны. (Сөздерді үлгі бойынша өзгертіп айту.) Ак - ағы, оқ - оғы, тақ - тағу. Бақ - ..., жоқ - ..., қак - Дак - ..., уық - ..., жық - Сурет бойынша сәйкестендіру мен іріктеуге арналған жаттығу. Педагог бірнеше суретті көрсетеді. Арасында туған жер түсінігін айқындайтындары бар. туған жер дегеніміз не? Туған жер дегеніміз - Отан. Ол сенің үйің, аулаң, пәтерін. Туған жер - сенің тұратын жерің. Отан үшін ержүрек, қайсар, ержүрек болу керек.</p> <p>«Қандай сөз жиі кездеседі?» жаттығуы. Мақсаты: балалардың есту қабілетін дамыту, қазақ тілін түсінуді үйрету. Педагог балаларға таклақ жолдарын бірінші рет мәнерлеп оқиды. Артынан баяу темппен оқиды. Егер сен қорықсаң, Досың келер көмекке. Досың барда жаныңда, Қорқыныш деген керек пе? Досың болсын қасыңда, Қорықпа, еш жасыма, Қоқынышты бірге жең Сенім артып досыңа Балалар «дос» және «қорқыныш» сөздерін ажыратып айтады.</p> <p>Қарама-қарсы мағыналы сөздер жұбын құрауға арналған сөздік жаттығу. «Керісінше айт». - Жаксы - жаман. - Суық - ыстық. - Баяу - жылдам. - Қорқақ - батыл. - Аз – көп – Күн - түн. - Қыс - жаз. - Алыс - жақын. - Күледі - жылайды. - Жер - аспан. - Ауыр - жеңіл.</p> <p>Сурет негізінде еске сақтауға арналған сөздік жаттығу. «Еске сақта». - Балалар, халықта мынадай макал бар. «Жаксы дос үшін жан пида».</p> <p>Материалды бекіту және қорытындылау. Күтілетін нәтиже: «Г» дыбысын өздігінен сөз арасында анық, дұрыс айта алады. Қазақ тіліндегі ертегіні тыңдайды және оқиға тізбегін еске сақтайды; шығарма кейіпкерлерінің бейнесін жеткізе біледі. Берілген сурет бойынша оған дейінгі және кейінгі оқиғаны ойлап табады. балалардың ұғымындағы туған жер туралы түсінеді; достық қарым-қатынас туралы біледі; берілген сөздерге қарама-қарсы мағыналы сөз табады.</p>	<p>Күледі - жылайды. - Жер - аспан. - Ауыр - жеңіл.</p>	
--	---	--

Тексерілді: *А.К.Керуенбаева*
Әдіскер А.К.Керуенбаева

«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру циклограммасы

Білім беру ұйымы: МКҚК «Балапан» МДҰ

Топ: «Балдырған» ересек тобы «Балбөбек» ортаңғы тобы

Балалардың жасы : 3-4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі 08- 12 мамыр айы 2022-2023 оқу жылы

Апта күні	Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Баламен жеке жұмыс	Қазақ тілі бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы
Жұма 12.05.2023ж. «Балбөбек» ортаңғы тобы	<p>Бұл менің Отаным – Қазақстан. Ғажайып сәт. (Қонаққа Алаң келеді) өз білгенімен бөліседі. Көркемсөз. Болса да қаншама ел әлемде, Қазақстаным өзіңе тең келер ме! Қазақстан - елім, жерім, отбасым, Қазақстан - далам, шөлім, тау-тасым! Қазақстан - ұлт достығы мекені, Жайнасыншы шыңға шығып ертені! Артикуляциялық жаттығулар. (Ұ, Ү дыбыстарына арналған) «Күлу», «Ине», «Әткеншек», «Кесе», «Тәтті тосап» (жоғарғы тісті жалау), «Тістерді тазалаймыз», «Аттар», «Сылақшы». Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранының аудиожазбасын тыңдау. Қазақстанның мемлекеттік рәміздерімен таныстыру. «ҚР Мемлекеттік рәміздері» бейнеролигін көрсету. Қазақстан туралы бейнеролик (слайд) көрсету. Қазақстан туралы әңгіме. «Отан деген не екен?» жаттығуы. Педагог балалардан «Отан не деп ұғынасың?» деп сұрайды. Балалар қайталайды. Естеріңе сақтап мұғалімгесол сұрақты қояды. Педагог сұрақтарына жауап береді. «Отан» сөзін мен қалай ұғынамын? (Балалар.) Көк аспаным, арайлап атқан таңым. (Педагог.) «Отан» сөзін мен қалай ұғынамын? (Балалар.) Алтын астық, бидай менен ыстық наным. (Педагог.) «Отан» сөзі оттай ыстық, туған жерім, (Педагог.) Біз тұратын қала, ауыл - құт мекенім! (Педагог.) «Отан» біздің отбасымыз қымбатты, (Барлық балалар педагогпен қосылып айтады.) Отанында тұрған адам бақытты! (Барлық балалар педагогке қосылып айтады.) Ал енді орын ауысады. Мен сендерден: «Отан деген не екен?» деп сұраймын. Сендер жауап бересіңдер. Мен сендерге көмектесемін.</p>	д/о. Мақсаты: балалар--дың сөздік қорын молайту, ойдан сөйлемдер құрау, мәтінге тақырып-тың қою, жылдам ойлануға дағдыландыру. Ойын шарты: балаларға бірнеше суреттер беріледі, ойдан сөйлем құрап, тақырыбын қояды.	Мақал: «Өз елің - алтын бесігің»

	<p>Сергіту сәті. «Отан деген не екен?» Орташа темптегі ырғақты әуен қосылады.</p> <p>«Отан» сөзін мен қалай ұғынамын? (алақандарын жоғары көтеру)</p> <p>Көк аспаным, арайлап атқан таңым. (аяқтарының ұшына тұрады, қолдарын жоғары созады)</p> <p>«Отан» сөзін қалай ұғынамын? (алақандарын жоғары көтеру)</p> <p>Алтын астық, бидай менен ыстық наның. (қолдарын екі жаққа ашу, денесін оңға және солға теңселту)</p> <p>«Отан» сөзі оттай ыстық, туған жерім, (алақандарын екі жаққа ашу, өздерінің нықтарын құшақтау)</p> <p>Біз тұратын қала, ауыл - құтты мекенім! (алақандарын жоғары көтеру)</p> <p>«Отан» біздің отбасымыз қымбатты, (алақандарын жоғары көтеру, үлкен шеңбер жасау, қайта түсіру)</p> <p>Отанында тұрған адам бақытты! (қасында тұрған баламен қол ұстасып айналу)</p> <p>«Мәтін құрайық» дидактикалық ойыны.</p> <p>Ойын мақсаты: балалардың сөздік қорын молайту, ойдан сөйлемдер құрау, мәтінге тақырыптың қою, жылдам ойлануға дағдыландыру.</p> <p>Ойын шарты: балаларға бірнеше суреттер беріледі, ойдан сөйлем құрап, тақырыбын қояды.</p> <p>Еске сақтауға арналған сөздік жаттығу «Еске сақта».</p> <p>Мақал: «Өз елің - алтын бесігің»</p> <p>ҚОРЫТЫНДЫ: сұрақ-жауап, мадақтау.</p> <p>Күтілетін нәтиже: қазақ тілінің ерекше дыбысы «Ү, Ұ» дыбысын жеке және сөз ішінде дұрыс, анық айтады. Қазақстан туралы қазақ тілінде айтылған сөздерді тыңдайды және түсінеді; Шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді. Жаңа сөздерді байланыстырып сөз тіркестерін құрайды</p>		
<p>Жұма 12.05.2023ж</p> <p>«Балдырған» ересек тобы</p>	<p>Адамдардың көктемгі еңбегі.</p> <p>"Кел, сәлемдесейік" жаттығуы.</p> <p>Армысың қайырымды аспан ата, Армысың қайырымды жер ана, Армысың қайырымды алтын күн, Куан, шатан, алақай Келді міне, жарқын күн.</p> <p>«Ғ» дыбысына байланысты артикуляциялық жаттығулар.</p> <p>«Сағат тілі», «Тіс тазалау», «Саңырауқұлақ», «Тәтті тосап», «Сылақшы», «Ашуланған мысық», «Тарақ», «Піл», «Бақа».</p> <p>Жұмбақ жасыру.</p> <p>Домалақ бір дәрумен, Сары тонын киінген, Жылатады аршысаң, Ашты, өткір нісімен. Ол не? (Пияз)</p> <p>Қазір көктем мезгілі болғандықтан, адамдарға дәрумендер жетіспейді. Көп ауырады. Балабақшаға қалмай келіп жүруіміз үшін, бізге көп пияз әкелген екен. Білесіңдер ме, балалар, пияздың ішінде тұмауға қарсы тұра алатын көп дәрумендер бар. Ауада әртүрлі микробтар ұшып жүреді, бірақ олар пияздың ащы, өткір нісінен қорқады.</p> <p>Артикуляциялық жаттығу.</p>	<p>Зерттеу жаттығуы «Пияз қандай?»</p> <p>Мақсаты: балалардың ұғымында пияз туралы түсініктерін тиянақтау, қызығушылықты арттыру.</p> <p>Шарты: пиязды қолға ұстау. Педагог</p>	<p>Еңбек туралы мақал-мәтелдер жаттату.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Еңбек - ата, жер- ана. 2. Жалқаудың жаны тәтті, Еңбектің дәмі тәтті. 3. Бейнетің қатты болса, Татқаның тәтті болар.Қ», «Ғ» дыбыстары жиі кездесетін

Ін-ін-ін-ін, Егілді егін. Ай-ай-ай-ай, Жайқалды бидай.
 Эк-ек-ек-ек, Сіңірдік көп еңбек
 Қазақ тілінің төл дыбыстарының дұрыс дыбысталуын қадағалап, балаларға бірнеше рет айтқызу.
Зерттеу жаттығуы «Пияз қандай?»
 Мақсаты: балалардың ұғымында пияз туралы түсініктерін тиянақтау, қызығушылықты арттыру.
 Шарты: пиязды қолға ұстау. Педагог сыртын аршып, ортасынан кесіп көрсеткен пияз туралы баяндау.
 - Балалар, пиязды қолымызға ұстап көрейік. Қабығын сипап көріңдер. Пияз қандай?
«Пиязды құрастыр» д/о (балалар жерге отырып ойнайды).
 Шарты: қағаздан жасалған пиязға, жасыл қыстырғыштардан өскіндер қыстырып құрастыру.
Көркемсөз.
 Көзім түсті апамның Көзіндегі жасына. «Белгісі ме қапаның?» –
 Деп келдім мен қасына. Сұрамақпын, білмекпін, Жанына не батқанын.
 Байқамаппын, көрмеппін Пияз турап жатқанын.
Сергіту сәті. (Сергіту сәтінде ойын ойнайды)
 Бір баланың басына пияздың маскасын кигізеді. Қалған балалар шеңбер бойымен "пиязды" айналып, сөздеріне қимыл-әрекеттерін үйлестіре отырып өлең жолдарын айтады.
 Бізде үлкен бақша бар, Онда пияз өседі.
 Үлкендігі мынадай, Биіктігі мынандай.
 - Пияз енді бізге кел, бізбен бірге билеп бер. (осы сөзден кейін "пияз" – бала билейді)
Еңбек туралы мақал-мәтелдер жаттату.
 1. Еңбек - ата, жер- ана.
 2. Жалқаудың жаны тәтті,
 Еңбектің дәмі тәтті.
 3. Бейнетің қатты болса,
 Татқаның тәтті болар.
 Мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіру. Балалардың тіліне жеңіл келетін бір мақал-мәтелді жаттап алуға тырысады.
ҚОРЫТЫНДЫ Рефлексия. - Балалар, бүгінгі естіген-білгеніміз сендерге ұнаған болса, сәбізді алып бояймыз, ал көңіл күйлерің болмаса, пиязды алып бояймыз. Бұл көкөністерді сендерге Бағбан ата тастап кетті. Боялған суреттеріңді үйлеріңе алып кетуге болады.
Күтілетін нәтиже: адамдардың көктемгі еңбегі, егістік алқабындағы жұмыстар жайында біледі. Жұмбақ шешеді, жаңылтпаштарды жаңылмай айта біледі. Суреттерге және жиі қайталанатын сөздерге сүйене отырып, тақырып бойынша қазақ тіліндегі ақпаратты қабылдайды; сөйлеу, ойлау, еске сақтау, жағымды көңіл күй танытады. Ересек адамдардың еңбегін құрметтейді, өсімдіктерге және табиғатқа жанашырлық, қамқорлық танытады.

сыртын аршып, ортасынан кесіп көрсеткен пияз туралы баяндау.
 - Балалар, пиязды қолымызға ұстап көрейік. Қабығын сипап көріңдер. Пияз қандай?

сөздерді қайталату.
 Қазақ батырлары туралы ертегілер оқып беру, мультфильмдер көрету.

Тексерілді: *Жеруф*
Әліскер А.К.Керуенбаева

«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру циклограммасы

Білім беру ұйымы: МКҚК «Балапан» МДҰ

Топ: «Балдырған» ересек тобы «Балбөбек» ортаңғы тобы

Балалардың жасы : 3-4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі 15- 19 мамыр айы 2022-2023 оқу жылы

Апта күні	Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Баламен жеке жұмыс	Қазақ тілі бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы
Жұма 19.05.2023ж. «Балбөбек» ортаңғы тобы	<p>Достық жайлы ән. Жазықтықта бағдарлау: оң жақта, сол жақта, жоғары, төмен, ортасы. «Ү» дыбысы.</p> <p>Шаттық шеңбері: Жаксы сөздер айтамыз, Шаршамаймыз қайта біз! Жарқырап күн де ашылды, Айналага гүл шашылды. Қайырлы күн! Біз еңбекқор баламыз! Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз!</p> <p>«Ү» дыбысының артикуляциясы: «Күлу», «Ине», «Әткеншек», «Кесе», «Тәтті тосап» (жоғарғы тісті жалау), «Тістерді тазалаймыз», «Аттар», «Сылақшы». Ү дыбысының артикуляциялық қалпы.</p> <ol style="list-style-type: none">1. Ү дыбысын айтқанда ерін сүйірленіп, алға қарай жиырылады.2. Тіл ұшы астыңғы тістен алыстап, арт жағы жоғары көтеріледі.3. Дауыс шымылдығы ашық болады. <p>Тіл ұстарту жаттығулары. Үш - ұш - ұш. Үш - қыш. Үз-үз-үз, Суда еркін жүз. Түз – мұздай Мүз - тұздай. Талап - тұлпар, Білім - сұнқар. Кү - лан, кү - лақ, қол - гап. Гү- лім, кө - гім. Гү - ріл, жү - гір. Ү – Ү – Ү. Үкі үлкен үйректен. Ү – Ү – Ү. Үзілмесін үзеңгі. Ү – Ү – Ү. Үштің өзі күш. Үс-үс-үс. Қарлығаш - киелі құс. Үн, ұш - қыш, ұ - лу. Үт, ұр - шық, ұ - шақ Үш, Нұр - лан, ұ - сақ. Үт, Ақ - нұр, Ү - лан. Ү- жуан дауысты дыбыс. Өз алдына буын құрай алады. Сөздің басында, ортасында кездеседі. Сөздің аяғында кездеспейді.</p> <p>Танғажайып сәт. Көркемсөз. «Достық деген не?» Достықтың атмосферасын айқындайтын көңілді әуен қосылады. Педагог өлеңді мәнерлеп оқиды.</p> <p>Топ ішінде бірге ойнаған, Достарыммен біргемін. Бөлісіп бар ойыншықпен,</p>	<p>Зияткерлік картаны құрастыру негізінде «достық» түсінігін модельдеуге арналған жаттығу. Педагог «Достық» тақырыбына бастапқы зияткерлік картаның пішінін көрсетеді: беттің ортасында «қол алысу» белгісі бар шеңбер орналасады, одан (орталық шеңберден) жан-жаққа сәулелер тарайды да, он екі бос шеңбермен аяқталады.</p>	<p>Көркемсөз. «Достық деген не?»</p>

Жан сырын да білгенмін. Достарменен бірге жүрсен,
Жақсы әуен тынбасын. Қара бұлт та сейіледі,
Дос жүрегін тындасаң. Достарменен қол ұстассаң,
Ешкашан қор болмайсың. Ұқсағың кеп жан досына, Кең мұнара" салғайсың.
Таныс, жиі қайталанатын сөздерді есте жаңғыртуға арналған сөздік жұмыс.

Педагог:

- Балалар, өлеңде қандай сөздер көп рет қайталанды? (Достық.) Жарайсыңдар! Дұрыс.
- Тағы қандай сөздер естерінде қалды?

Балалардың жауаптары: ойыншық, дос, әуен, бұлт, жүрек, жақсылық, мұнара, қол.

Педагог жауаптарды қабылдайды, кейін заттық карточкаларды көрсетеді: ойыншық, дос, әуен, қуаныш, мұн, бұлт, қорықпау, мұнара, жүрек, қол.

Мәтіннен мысал келтіру негізінде есту зейініне арналған сөздік жаттығу.

Достық тақырыбын балалар толық ұғыну үшін, қазақ тілінде естілетін сөздерді көру бағытынсыз түсінуге жағдай жасау керек. Ол үшін өлең мәтіндегі өздері білетін бір сөз немесе сөз тіркесін айтуды ұсынуға болады. Педагог өлеңді төрт жолдан оқиды.

Топ ішінде бірге ойнаған, Достарыммен біргемін. Бөлісіп бар ойыншықпен,

Жан сырын да білгенмін. - Достық деген не? (Ойыншықпен бөлісу.) Жақсы!

Достарменен бірге жүрсен, Жақсы әуен тынбасын. Қара бұлт та сейіледі, Дос жүрегін

тындасаң. - Достық деген не? (Достың жүрегін тындау.) Дұрыс!

Достарменен қол ұстассаң, Ешкашан қор болмайсың. Ұқсағың кеп жан досына,

"Кең мұнара" салғайсың. - Достық деген не? (Бірге мұнара салу. Қол ұстасу.)

Жарайсыңдар! - Тамаша! Достықтың не екенін түсіндіңдер ме?

- Мына картаға қарап алыңдар. Оған қажетті таңбалауыштарды орналастырыңдар.

Зияткерлік картаны құрастыру негізінде «достық» түсінігін модельдеуге арналған

жаттығу. Педагог «Достық» тақырыбына бастапқы зияткерлік картаның пішінін

көрсетеді: беттің ортасында «қол алысу» белгісі бар шеңбер орналасады, одан (орталық

шеңберден) жан-жаққа сәулелер тарайды да, он екі бос шеңбермен аяқталады.

- Балалар, мынау «достық» сөзін білдіретін барлық таңбалауыштарды жинайтын карта.

- Назар аударыңдар, балалар, арасында достықты білдірмейтін таңбалауыштар да бар.

Педагог балалар өз бетінше шешім қабылдай алатындай, таңбалауыштарды араластырып

тізіп қояды. - Қазір мен бір сөйлем айтамын. Сендер қайталайсыңдар да, көп

таңбалауыштар жатқан үстелден біреуін аласыңдар. «Достық» түсінігіне сәйкесін

картадағы бос шеңберге жапсырасыңдар.

Еске сақтауға арналған сөздік жаттығу. «Еске сақта».

Педагог:- Балалар, мақалды жаттап алайық.

«Ағаш тамырымен мықты, Адам досымен мықты». - Жарайсыңдар! Үйлеріңе барғанда

айтып беріңдер. Қорытынды

Күтілетін нәтиже: «Ұ» дыбысын өздігінен дұрыс айтады. Достық түсінігі қалыптасады,

	Қазақстандағы халықтар достығы туралы біледі. Қазақ тіліндегі тақпақты ұғынып тыңдайды. Мақалды жаттай алады. Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін (зат есім және сын есім) құрастыра алады. Шығарма мазмұнын өздігінен қайталайды.		
Жұма 19.05.2023ж. «Балдыған» ересек тобы	<p>Біз татумыз "Кел, сәлемдесейік" жаттығуы. Армысың қайырымды аспан ата, Армысың қайырымды жер ана, Армысың қайырымды алтын күн, Куан, шатан, алақай Келді міне, жарқын күн.</p> <p>«Ғ» дыбысына байланысты артикуляциялық жаттығулар. «Сағат тілі», «Тіс тазалау», «Саңырауқұлақ», «Тәтті тосап», «Сылақшы», «Ашуланған мысық», «Тарақ», «Піл», «Бақа».</p> <p>Тіл ұстарту жаттығулары. Ға- ға –ға. Қағу үшін керек балға. Ға – ға – ға. Ұшып келді қарға. Ға – ға – ға. Қарқылдаған қарға. Ғыш – ғыш – ғыш. Ағаш сызғыш. Ға - ға – ға Атқа тақты таға.</p> <p>Көркем сөз. Педагог балаларға Жұмағали С. «Достық» атты өлеңін дауыстап оқиды. Өлеңнің мазмұнын түсіндіреді. Мақал-мәтел. Досы көппен сыйлас, Досы азбен сырлас Ағаш - тамырымен, адам - достарымен мықты. Педагог балаларға мақал-мәтелдің мағынасын түсіндіріп кетеді. Балалар, біздің еліміз қалайға талады? -Еліміздің бас қаласы қай қала? -Біз қандай қалада тұрамыз? -Сендер «Батыр» деген сөзді қалай түсінесіңдер? «Батыр» деп кімді атаймыз? –Біздің арамызда осындай балалар бар ма? Ал халық батырлары деп халқы үшін күрескен, жанын киген адамдарды айтамыз. Батыр болу үшін тек күш қана емес, елге, анаға, бауырға, досқа деген сүйіспеншілік керек.</p> <p>Сергіту сәті Педагог әңгімесі. Ертеде, мына сіздер мен біздер жоқ кезде осы қазақ жеріне ниеті жаман адамдар (оларды жау деп атаған) келіп ата-әжелерді, балаларды, апа-ағаларды өлтіріп, құл қылып әкетпекші болған. Біздің үлкен жерімізге қызыққан. Сол кезде әрбір ауылдан ағалар шығып, жоқ мен елімді, жерімді, суымды жауларға бермеймін деп қолдарына найза, қылыш ұстап ат қаққан. Осы қазақ топырағы, ата-анасы, бауыры үшін мерт болған. Кейінірек халқымыз елімен халқын қорғаған бабаларына «Халық батырлары» атағын берген. Ол батыр ағаларды мына суреттен көреміз Қабанбай, Наурызбай, Бөгенбай, Сырым Датұлыт.б. Міне балалар, біздің осылай ойынап-күліп отыруымыз батыр ағалар мен апалардың арқасы. Балалар, халық батырлары атына ие болғандар Ұлы соғыс уақытында өз елі үшін мерт болған ағайлармен, апайларды айтады. Мына суреттерге қарандаршы (суреттер көрсетіледі) Бір мезгілді біздің елімізгі фашистер деген жаулар шабуыл жасаған, солардан елді қорғаған, мерт болған ел батырлар Алия және Мәншүк апайларыңыз.</p>	<p>Дидактикалық ойын «Не артық». Балаларға карточкалар үлестіріледі. <u>Мақсаты:</u> батырлардың киімдері, құрал-саймандары туралы білімдерін бекіту. <u>Шарты:</u> карточкада батырлардың киімдері, құрал-саймандары, сонымен қатар артық бір зат бейнеленген, соны балалар алып тастайды.</p>	<p>«Қ», «Ғ» дыбыстары жиі кездесетін сөздерді қайталау.</p> <p>Қазақ батырлары туралы ертегілер оқып беру, мультфильмдер көрету.</p>

-Батыр сөзіне сөйлем құрастырайық. Мысалы. Мен батыр болып елімді қорғаймын, т.б.
Д/о «Не артық». Балаларға карточкалар үлестіріледі.
Мақсаты. Батырлардың киімдері, құрал-саймандары туралы білімдерін бекіту.
Шарты: Карточкада батырлардың киімдері, құрал- саймандары, сонымен қатар артық бір зат бейнеленген, соны балалар алып тастайды.
Д/о:«Күннің шуағы»
Ойынның мақсаты: балалардың «соғыс», «бейбітшілік» туралы білімдерін бекіту. Ұлтжандылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу. Балалардың қиялын, ойлау қабілетін дамыту.
Ойынның шарты:Күннің нұрын бұлт жауып қалған. Күнді бұлттан құтқару үшін, сұрақтарға жауап беру керек. Түгел сұраққа жауап берген кезде, күн бұлттан шығып, нұрын шашады.
Сұрақтар:1. Біздің мемлекетімізде қандай ұлт өкілдері өмір сүреді? 2. «Бейбітшілік құсы» қандай құс? 3. Отан деген не?
Қорытынды
Күтілетін нәтиже: қазақ тілінің ерекше «Ғ» дыбысын дұрыс айта алады. Үлгі бойынша сөйлем құрап, өз ойын жай, жайылма сөйлемдермен жеткізе алады. Достық туралы мақал-мәтелдерді есіне сақтайды. Достық, бейбітшілік туралы кеңінен біледі.

Тексерілді: *Акеріл*
Әдіскер А.К.Керуенбаева

«Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша тәрбиелеу – білім беру циклограммасы

Білім беру ұйымы: МКҚК «Балапан» МДҰ

Топ: «Балдырған» ересек тобы «Балбөбек» ортаңғы тобы

Балалардың жасы : 3-4 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі 22-26 мамыр айы 2022-2023 оқу жылы

Апта күні	Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Баламен жеке жұмыс	Қазақ тілі бойынша тәрбиешілер мен ата-аналарға кеңес беру жұмысы
<p>Жұма 26.05.2023ж.</p> <p>«Балбөбек» ортаңғы тобы</p>	<p>Адамдар. Адам бетінің бөліктері. Тазалық - денсаулық кепілі. «Кел, сәлемдесейік!» жаттығуы. Ғажайып сәт. Шағылғып қалған ыдыстың дыбысы және баланың жылаған дауысы естіледі. Қонаққа беті-колы кірлеп кеткен Дана қуыршақ келеді. Дана қуыршақты жуындыру. Педагог:- Балалар, қуыршақтың бетін жуайық. (үстелде жылы су құйылған ыдыс бар) Жуу кезінде педагог өлең оқиды. Балалар Дананы жууға көмектеседі. Көркемсөз. Шөлп-шөлп қолымыз, Көпіршітті сабынды. Ыдыс толды көбікке, Тигізбе қолды көзіңе. Сылдыр-сылдыр суымыз, Көпіршиді сабыннан. Балалармен жуамыз, Беті-қолын Дананың. Жуып, сүртіп қолдарын, Шаштарын да тарайық. Әдемі боп шығады, Біздің Дана қайтадан! «Ұ» дыбысына байланысты тақпақ. Ұзын, ұзын, ұзақ жолда Ұшақ ұшып барады, Ұшып келіп, ұшақ жерге қонады. Тіл ұстарту жаттығулары. Ұш - ұш - ұш. Ұш - қыш. Ұс-ұс-ұс. Қарлығаш - киелі құс. Ұн, ұш - қыш, ұ - лу. Ұт, ұр - шық, ұ - шак Ұш, Нұр - лан, ұ - сак. Ұт, Ақ - нұр, Ұ - лан. Жұмбақ шешу. Сырты орман, алды жазық құрлықты, Араласан, табасың жеті құдықты. (Бас.) Қатар өскен дос құсап, екі жақта қос бұтақ. Әрқайсында бірі қысқа, бірі ұзын бес бұтақ. (Қол мен саусак.) Екі атым бар тынбайтын, өзімді ғана тыңдайтын (Екі аяқ.)</p>	<p>«Дене мүшелерін ата» д/о. Мақсаты: адамның дене мүшелерін атау. «Дене» сызба-суреттері негізінде «дене мүшелері» түсінігін модельдеу жаттығуы.</p>	<p>Мақал-мәтелдер жаттату. 1. Әлсіз денеге ауру ұялайды. 2. Таза ауа – жанға дауа. 3. Байлық – байлық емес, денсаулық – байлық. 4. Денсаулық – зор байлық. 5. Тазалық – саулық негізі.</p>

«Дене» сызба-суреттері негізінде «дене мүшелері» түсінігін модельдеу жаттығуы. Адам бетінің бөліктерімен танысу.

Педагог: - Суретке тағы бір рет қараңдаршы. Педагог қолын екі жаққа созып, екі аяғын алшақ қойған Дананың бейнесін көрсетеді. Педагог көрсеткіштің көмегімен, дене мүшелерін атап көрсетеді.

- Мынау бас. Ол көп ойлайды. - Мынау не? (Мынау бас.) Жарайсыңдар!

- Төмен қарай қараймыз. Мынау дене. Онда жүрек орналасқан. - Мынау не? (Дене.)

- Екі қол мен екі аяқ. Қанша күш-қуат! - Мынау не? (Екі қол. Екі аяқ.) Жарайсыңдар!

- Бас, дене, қол, аяқ - дене мүшелері. Қане, балалар, қайталайық. Жарайсыңдар!

Педагог бірнеше баладан жеке-жеке сұрайды.

Сергіту сәті. «Кішкентай достарымыз қайда?»

Педагог: - Қолымыз қайда? (Балалар қолдарын артына жасырады.) - Міне! (Балалар қолдарын алға созады, айналдырады және көрсетеді.)

- Аяқтарымыз қайда? (Балалар аяқтарын қолмен жауып тұрады.) - Міне !

(Балалар орындарынан тұрады, аяқтарын топылдатады.

- Достарымыз қайда? (Беттерін қолдарымен жабады.) - Міне !

(Беттерін ашады, күлімсірейді)

«Ересек адамдар барлық жерде бола алады»

Педагог өз әңгімесіне сәйкес суреттерді көрсетіп, үйлестіріп отырады.

- Балалар, адам ешқашан жай отырмайды. Ол қоршаған әлемді үнемі зерттеп отырады.

Әртүрлі көліктердің көмегімен адамдар аспан мен ғарышты зерттейді. Адам теңіздің түбіне де түсті. Адамдар Жердің кез келген бөлігінде тұра алады. Олар джунглиде, қалаларда, шөл мен тундрада тұрады. Адамның ағзасы әртүрлі ауа райына бейімделді. Адам ыстыққа да, суыққа да, желге де үйреніп кетеді.

«Дене мүшелерін ата» д/о.

Максаты: адамның дене мүшелерін атау.

Мақал-мәтелдер жаттату.

1. Өлсіз денеге ауру ұялайды. 2. Таза ауа – жанға дауа.

3. Байлық – байлық емес, денсаулық – байлық. 4. Денсаулық – зор байлық.

5. Тазалық – саулық негізі.

Кейіпкермен қоштасу.

ҚОРЫТЫНДЫ

«Денемізге рақмет!» рефлексиясы. - Көздерім, көргеніме рақмет!

- Құлақтарым, еститіңізге рақмет! - Мұрыным, иісті сезгеніме рақмет!

- Қолдарым, қажетімді алып беретіңіз үшін рақмет!

- Аяқтарым, алыс жерге жеткізетіңіз үшін рақмет! - Ата-анам, өмір сыйлағаныңа рақмет!

Педагогтің артынан сөздерді қайталап, дене бөліктерін саусақтарының ұшымен ақырын

сипайды. - Балалар, бүгінгі күніміз жақсы өтті деп ойласаңдар, бір-бірімізге алақанымызды

	<p>шапалақтайық. Көңіл күйіміз болмаса, тыныш отырамыз.</p> <p>Күтілетін нәтиже: адам, оның дене мүшелері, адам бетінің бөліктері туралы, адамның жердің барлық бөлігінде өмір сүретіндігі туралы балалар білді; Артикуляциялық аппаратын, «Ұ» дыбысын, сөйлеуін, қазақ тіліндегі сөздерді есту арқылы қабылдайды және монологтық сөйлеу негізінде ойлай алады; жағымды көңіл күйін білдіре алады. Қуыршаққа деген жақсы көзқарасын, мәдени-гигиеналық дағдыларын сақтайды.</p>		
<p>Жұма 26.05.2023ж.</p> <p>«Балдырған» ересек тобы</p>	<p>Жайдары жаз келді! Жыл мезгілдері. Жаз. Кемпірқосақ түстері. Жаттығу. «Кел, сәлемдесейік!» [-ғ] дыбысының дұрыс айтылу артикуляциясы: ерін ашылып, тілдің ұшы тілдің астыңғы түбіне тиеді. Тілдің үстіңгі жағы таңдайға тиеді. Дауыс шымылдығының дірілінен [-ғ] дыбысы естіледі. «Күрекше», «Ине», «Түтікше», «Тіс тазалау», «Ат шауып келеді», «Сағат», «Тіс тазалау» жаттығулары. Тіл ұстарту жаттығулары. Ақ – ақ – ақ – қу – қу – қу. Аққу. Қар – қар – қар – ға – ға – ға. Қарға. Ға – ға – ға. Қағу үшін керек балға. Ға – ға – ға. Ұшып келді қарға. Ақ – ақ – ақ. Өседі ағашта жаңғақ. Қа – қа – қа. Танертең жедім жұмыртқа. Қы – қы – қы. Бәйгеде озды жылқы. Ық – ық – ық. Жұмсақ екен жастық. Ға – ға – ға. Қарқылдаған қарға. Ғыш – ғыш – ғыш. Ағаш сызғыш. Ға - ға - ға. Атқа такты таға. Ақ-ақ-ақ. Ұшады ұшақ. Ақ-ақ-ақ. Менде бар тікұшақ. Ық-ық-ық. Жүзеді қайық. «Допты қағып ал» ойыны. (Сөздерді үлгі бойынша өзгертіп айту.) Ақ - ағы, оқ - оғы, тақ - тағу. Бақ - ..., жоқ - ..., қақ - Дақ - ..., уық - ..., жық - Аудиотаспа тыңдау. Жаз мезгілі келгенін айқындайтын көңілді, жеңіл әуен қосылады. Суретті көрсету. Педагог жаз мезгілі бейнеленген суретті көрсетеді. Мнемочарточкаларды сәйкестендіру негізінде сөздік жаттығу. «Дұрысын таңда». Жұпты мнемочарточкалар: - суық - ыстық; - қар - жаңбыр; - қар - кемпірқосақ; - коньки тебу - өзенде шомылу; - қармен ойнау - доппен ойнау; - күн. Жаздың ерекшеліктерін білдіретін суретті-карточкалар: - күн сәулесіне қыздырылған адам; - жаңбыр жауып тұр; - кемпірқосақ; - өзенде жүзу; - доппен ойнайды; - күн. Музыкалық сүйемелдеуге негізделген сөзді-ырғақты жаттығу. «Көңілді арба». Педагог есекке жегілген екі дөңгелекті арба бейнеленген суретті көрсетеді. Педагог балаларды ашық алаңға шақырады. Жүрген арба мен жылқы тұяғының дүбірін білдіретін ырғақты әуенді қосады. Педагог балаларға мәнерлеп оқиды. Одан кейін барлығы бірге қосылып айтады. Кімге ұнайды бұл әнім, Бірге қайтала, Арбамен жүріп келем, Тыныш айналам. Угай-ай, угай-ай, Тыныш айналам! Дөңгелегім желеді, Есек тартып келеді, Алыс жерге барамын, Көңілді ән саламын. Угай-ай, угай-ай, Көңілді ән саламын. Сурет бойынша өлеңді мәнерлеп оқу. «Жаз қонаққа келді».</p>	<p>Драматизациялауға арналған сөздік жаттығу. «Жаз қонаққа келді». Педагог балаларға өлең мазмұнындағы нысандар бейнеленген суретті бетперделерді үлестіреді. Жаз келіпті жадырап, (екі қолымен өзін нұсқау) Қандай әсем қараса. (қолды екі жаққа жаю) Мұнда әсем түймедақ, («түймедақ» - балалар ортаға шығып, қол бұлғайды) Жайқалып тұр, тамаша, Көбелек пен аралар. (қаралар) мен «көбелектер» жәндіктерді</p>	<p>Көркемсөз. Жаз келіпті жадырап, Қандай әсем қараса. Мұнда әсем түймедақ, Жайқалып тұр, тамаша, Көбелек пен аралар. Гүлге қонды, жарыса!</p>

<p>Педагог балаларды өз орындарына шақырады. Суретті көрсету. Педагог жаз мезгілі бейнеленген суретті көрсетеді: шөптің арасында піскен бүлдірген. Көркемсөз. Жаз келіпті жадырап, Қандай әсем қараса. Мұнда әсем түймедақ, Жайқалып тұр, тамаша, Көбелек пен аралар. Гүлге қонды, жарыса! Драматизациялауға арналған сөздік жаттығу. «Жаз қонаққа келді». Педагог балаларға өлең мазмұнындағы нысандар бейнеленген суретті бетперделерді үлестіреді. Жаз келіпті жадырап, (екі қолымен өзін нұсқау) Қандай әсем қараса. (қолды екі жаққа жаю) Мұнда әсем түймедақ, («түймедақ» - балалар ортаға шығып, қол бұлғайды) Жайқалып тұр, тамаша, Көбелек пен аралар. («аралар» мен «көбелектер» жәндіктерді келтіреді) Гүлге қонды, жарыса! Түстерді қайталау мен сәйкестендіруге арналған сөздік жаттығу. «Сиқырлы кемпіркосақ». Педагог кемпіркосақтың жеті түсіне сәйкес карточкалар жиынтығын қояды. Әрқайсыларының киімдерінде бар түсті осы жерден тандап аласыңдар. Кейін орындарыңа барып отырасыңдар. Педагог әрқайсына келіп, қандай түсті тандағанын сұрайды. Бала киімінде бар, сәйкес түсті атайды. Болжалды жауаптар: «Менде көк, ақ түс бар», «Менде қызыл, сары түс бар». Түсті дұрыс атаумен қатар, спектр түсін сәйкестендіріп тандаулары да бағаланады. ҚОРЫТЫНДЫ Материалды бекіту және қорытындылау. Күтілетін нәтиже: сурет бойынша оған дейінгі және кейінгі оқиғаны ойлап тауа алады. Өз ойын жәй және жайылма сөйлемдермен жеткізеді. Балалар қазақ тілінде әуен ырғағына сәйкес мәнерлеп таклақ айтады; өз бетінше сөз тіркестерін құрап, еркін жауап береді; «Ғ» дыбысын өздігінен дұрыс айтады. «Жаз» тақырыбы бойынша көру және есту арқылы сөйлеуді қабылдап, ырғақты сезінеді, сондай-ақ, еске сақтайды, ойлайды, жағымды эмоциялары, эстетикалық талғамдары қалыптасады.</p>	<p>келтіреді) Гүлге қонды, жарыса!</p>	
---	--	--